

**Аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және
олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ
№2**

Құлан ауылы

2025 жылғы 31 қаңтар,
сағат 15.00, аудан әкімдігінің
үлкен мәжіліс залы

Төрағалық етуші: Қ.Исмаил - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия хатшысы: А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

Қатысқандар: тізім бойынша (қоса тіркеледі).

Күн тәртібі:

1. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің ұсынысын қарау туралы (көмелет жасына толмаған М.Н-ға қатысты);

2. Ерте жастан жүктіліктің және суицид фактілерінің алдын алу, суицидке ұмтылған балаларды өмірге қайта бейімдеу бағытында атқарылған жұмыстары туралы;

3.Тәуекел тобындағы (тәртібі нашар, құқық бұзушылыққа немесе қылмысқа бейімді) көмелетке толмағандардың тізімін қалыптастырып, олармен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру туралы;

4.Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

(Қ.Исмаил, Б.Қиялбеков, М.Сванов, Ұ.Ақишова, Д.Ахметбеков, Н.Касенов)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің директоры (Б.Қиялбеков, келісімі бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Қ.Беріков, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

2.1. Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы көмелет жасына толмаған М.Н-ның заңды өкілі анасымен бірлесе мектептегі тиісті мамандар (сынып жетекшісі, психолог, өлеуметтік педагог, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және т.б.) тарапынан қатаң бақылауға алып, білімгерді 3 жұмыс күн ішінде оқумен қамту бойынша уақтылы, нәтижелі жұмыстарды жүргізіп, комиссия хатшылығына ресми ақпарат берсін.

Орындау мерзімі: 06.02.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.2. Мектеп әкімшілігі және полиция бөлімінің инспекторларымен бірлесе көмелет жасына толмаған М.Н-ның «Жанұя голд» жеке

кәсіпкерлік нысанында жұмыс атқаратынын ескере отырып, заң шеңберінде көрсетілген жұмыс уақытынан сақтау және сабақ уақытысынан тыс уақытта жұмыспен қамту туралы жұмыс беруші азаматпен түсіндіру жұмыстарын жүргізсін. Жұмыс беруші өз тарапынан заң аясында жасөспіріммен еңбек шартын жасасын.

Орындау мерзімі: 10.02.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.3. Кәмелет жасына толмаған М.Н-ның бойында психологиялық өзгерістердің болуына байланысты қатаң бақылауға алып, мектеп психологі тарапынан жасөспіріммен психологиялық түзету жұмыстарын жүргізсін.

Орындау мерзімі: 14.02.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.4. Сабаққа себепсіз қатыспайтын оқушылар мен студенттерді дер кезінде анықтап, шұғыл шараларды заң шеңберінде қолға алуды тұрақты ұйымдастырсын. Заңды өкілдерінің әкімшілік жауапкершілігін қарау туралы жүйелі түрде аудандық Полиция бөліміне қатынас хат беруді қамтамасыз етіп отырсын. Полиция бөлімі - заң шеңберіндегі қадамдық шараларды кезең-кезеңімен дер кезінде қолданып отырсын.

Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.

2.5. «Бестерек» жобасы бойынша жұмыстарды қайта жандандырып, анықталған тәуекелдер бойынша (рискер) бағытталған жұмыстарды жүргізсін.

Орындау мерзімі: 10.02.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.6. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Психологиялық қолдау орталығының» арнайы мамандарының қатысумен аудандағы психологтардың (аурухана, білім беру ұйымдары, жастар ресурстық орталығы, аудандық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына өлеуметтік көмек көрсету орталығы т.б) кәсіби біліктілігін арттыру бағытында оқыту семинарын ұйымдастыру бойынша білім бөлімі тиісті ұсыныс енгізсін.

Орындау мерзімі: 10.02.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

3. Аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Қ.Беріков, келісімі бойынша), аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдарының басшылары (келісімдері бойынша), Жастар ресурстық орталығының директоры (Е.Жәдік), ауылдық округ әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

3.1. Жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіп төндіретін көлік құралдарын (автокөлік, мопед, мотороллер, скутер т.б) пайдалануға заң аясында тиым салсын, жасөспірімдердің заңды өкілдерімен түсіндіру шараларын тұрақты түрде жүргізсін, жауапкершіліктері заң аясында қаралатындығы ескертілсін. Полиция бөлімі тарапынан бақылауды күшейтіп, қатаң шараларды қабылдасын.

Орындау мерзімі: түпкілікті шешілгенге дейін тұрақты бақылау.

4. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), Құлан агротехникалық жоғары колледжі директорының міндетін атқарушы (Ұ.Акишова, келісімі бойынша), барлық білім беру ұйымдары (келісімдері бойынша), заң талаптарына сәйкес:

4.1. Білім беру ұйымдарында (колледж, мектеп) 3 жыл аралығында оқуын тәмәмдаған жастардың жай-күйін бақылауға алып, қазіргі жағдайы туралы (әлеуметтенуі, жұмысқа орналасуы, кәсіпкерлікпен айналысуы, оқуға қабылдануы, әскер қатарына алынуы т.б) талдау жүргізіп, ақпараттарын ұсынсын.

Орындау мерзімі: 20.03.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

5. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша), аудандық орталық аурухананың бас дәрігері (Д.Ахметбеков, келісімі бойынша), барлық білім беру ұйымдары (келісімдері бойынша), аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы (А.Сәрсеханұлы), ауылдық округ әкімдері, заң талаптарына сәйкес:

5.1. Ауданда балалар арасында психикалық аурулар көрсеткішінің күрт жоғарлауы, оның ішінде ақыл есінің кемістігі, аутизм диагнозы т.б аурулардың (2022 жылы мүгедектікпен есепке алынған балалар санын 27 болса, 2024 жыл 46-ға жетіп, есім болып отыр) есуі байқалды. Осыған байланысты ата-аналарды виртуалды методикалық тәрбиеден (смартфон, теледидар, компьютер т.б) арылту, бағыт-бағдар беру, бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлу мақсатында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс тобын құрып, ауылдық округтерде ата-аналармен кездесу өткізу бойынша кестесін әзірлесін және ауылдық округ әкімдері аталған кездесуге ата-аналардың қатысуын ұйымдастырсын.

Орындау мерзімі: 12.02.2025 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.

6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы



Қ.Исмаил

А.Сәрсеханұлы